

**ҚР Энергетика министрлігінің
Отын-энергетикалық кешен мәселелері жөніндегі
қоғамдық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

2023 жылғы 22 қыркүйек
сағ. 12:00

Өткізу форматы: күндізгі/«Zoom» арқылы

Төрағалық еткен: Қоғамдық кеңестің төрағасы Б.К. Әуетаев

Қатысқандар: Қоғамдық кеңестің мүшелері (*тізім бойынша*), құрылымдық бөлімшелердің өкілдері (*тізім бойынша*), ҰЭМ ТМРК өкілдері (*тізім бойынша*).

1. 2022-2023 жылдардағы жылыту маусымына жеке ЖЭО мен қазандық қондырғыларының дайындық паспорттарын ресімдеу бойынша қорытындыларды талдау туралы

(И. Рожков)

1.1. Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті төрағасының орынбасары И.Б. Рожковтың 2022-2023 жылдардағы жылыту маусымына жеке ЖЭО мен қазандық қондырғыларының дайындық паспорттарын ресімдеу бойынша қорытындыларды талдау, қысқы кезеңдегі авариялардың себептері және болашақта аварияларды болдырмау жөніндегі шаралар туралы ақпараты назарға алынсын.

2. Қазақстан Республикасының энергетикалық қауіпсіздігі жөніндегі заңнамасын немесе стратегиясы жобасын әзірлеу туралы

(Д. Мырзабаев)

2.1. «Стратегиялық бастамалар орталығы» ЖШС-ның жобалық менеджері Д.Т. Мырзабаевтың Энергетика саласын 2035 жылға дейін дамыту стратегиясының жобасын әзірлеу туралы ақпараты назарға алынсын;

2.2. **Электр энергетикасын дамыту департаменті** (*бұдан әрі – Департамент*):

- Қоғамдық кеңестің мүшелерін Энергетика саласын 2035 жылға дейін дамыту стратегиясының жобасын (*бұдан әрі – Стратегия жобасы*) әзірлеу жөніндегі жұмыс тобына қосу мәселесін қарастырсын;

- Қоғамдық кеңестің мүшесі, PhD докторы, энергетика және энергетикалық дипломатия саласындағы халықаралық сарапшы А.С. Әбілдаевтың Стратегия жобасын әзірлеуге қатысты ескертулерін назарға алсын және «Энергетикалық қауіпсіздік туралы» ҚР Заң жобасын әзірлеу туралы ұсынысын пысықтасын (*ескертулер мен ұсыныс қоса беріледі*);

- Қоғамдық кеңестің отырыстарына мәселе құзыреті бойынша Департамент басшылығының тұрақты негізде қатысуын қамтамасыз етсін.

3. Электр энергетикасы саласын жаңғырту жоспарын әзірлеу туралы

(К. Саттықова)


3.1. Қоғамдық кеңестің мүшесі, «Әділет» тұтынушылар құқықтарын қорғау жөніндегі қоғамдық бірлестіктің сарапшысы К.Ө. Саттықованың ӘЖ-0,4 кВ-тан ӘЖ-10 кВ-ты терең енгізуге ауыстыру арқылы энергия өндіруші компаниялардың жаңа қуаттарды жаңғыртуы мен іске қосуын және АЭК тарату желілерін жаңғыртуды қамтитын электр энергетикасы саласын дамыту жоспарын әзірлеу туралы ақпараты назарға алынсын.

**Қоғамдық
кеңестің төрағасы**

**Қоғамдық
кеңестің хатшысы**



Б. Әуетаев



Н. Секербеков

